



24-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА Жазудың машақаты





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Жазудың машақаты

Зерттеуді жақсылап жүргізіп болып, деректеріңізді реттеп болған соң, соның бәрін бірізге келтіріп, кәдімгі толыққанда жұмысты жазатын жеріне келесіз. Қандай жұмыстың соңы да осы кезеңге келіп жететінін анық. Бірақ кейбір ізденушілерге зерттеу жүргізуден де оны ұйымдастырудан да, оны жүйелеуден де қиыны осы жазу машақаты болуы мүмкін. Рас, жазу оңай нәрсе емес. Бір жағынан сіздің жалпы табиғатыңыз мүлдем жазуға жақын емес, өз ойыңызды дұрыс жеткізуге қиын адам болуыңыз мүмкін. Екінші жағынан жазуға икемді, әбден төселген жазушы болғанмен, журналистік немесе жазушыларға тән көркем әдеби стильде жазуға машықтанған адам болуыңыз мүмкін. Ал ғылыми стильде жазу сіз үшін үлкен бір алынбас қамал сияқты көрінуі мүмкін. Әр жағдайдың өз қиындығы бар. Бірақ қалай болғанда да, жазу кезеңін ысырып, шегеріп немесе орындамай қоя алмайсыз. Ол біраз машықтануды, еңбектенуді, ыждағаттылықты, сабырлықты талап ететін дүние. Сондықтан сіз соған дайын болуыңыз керек. Дегенмен, белгілі бір стратегияларды ұстансаңыз, онда жазу аты сапардың қиындықтарын сәл де болса жеңілдете аласыз. Тағы бір айтатыным, бұл дәрістің ауқымында біз жазу стратегиясына қатысты сұрақтарды қарастырамыз. Одан бөлек жазудың тіліне қатысты жазылған арнайы еңбектер, оқулықтар бар. Ол оқулықтардан сіз жалпы жазу барысында ғылыми стильде қандай сөздерді қолдану керек екенін, бір параграфтан екінші параграфқа ауысуы үшін қандай тәсілдерді қолданатынын, әр тарауды қалай бастаған дұрыс екенін, жалпы стилистикалық, грамматикалық тұрғыда қандай нәрселерді біліп, ескеру керек екені туралы кеңірек біле аласыз. Ол оқулықтардың өзі өз алдына бөлек бір курс жасауға тұратындай ақпаратты қамтиды. Сондықтан жазудың осы жағына көбірек мән бергіңіз келсе, оған тағы бөлек ізденуіңізге тура келеді.

Жазу қаншалықты қиын болғанымен, қазіргі қалам ұстағандар үшін жазу әлдеқайда оңай деп есептеймін. Өйткені сіз жазбаңызды толығымен электронды түрде атқарасыз. Бұрынғыдай қағазға теріп немесе қаламмен жазып, қиналмайсыз, компьютерде ұнамаған бөлігін, оңай-ақ алып тастап, керек өзгерістерді енгізе аласыз, керек болса, онлайн немесе офлайн түрде жазуыңызға болады. Жазып отырған құжатыңызға медиафайлдарды да қосып жібере аласыз. Бұның бәрі сіздің тапсырмаңызды әлдеқайда жеңіл етеді.

Қандай зерттеушіден сұрасаңыз да, олар ең қиыны бастау екеніне бірауыздан келіседі. Өйткені көз қорқақ, қол батыр демекші, адамда іштей қорқыныш болған соң, ол әр нәрсені сылтауратып, жұмысты бастауды шегере береді. Бастаймын деп отырады да, әртүрлі нәрселерге көңілі бөлініп кете береді. Жазуға кіріскен соң, сіз сол мәтіннің ішіне кіріп, сүңгіп кетуіңіз керек. Кейбіреулер тыныштық болмаса, жаза алмайды. Сондықтан, егер жұмысыңызды жазуға ыңғайлы орта жоқ болса, онда сол ыңғайлы ортаны қалай жасауға болатыны туралы ойланыңыз. Балаларыңыз бар болса, оларды, мүмкін, белгілі бір уақыт қарасуға көмектесетін адам керек болатын шығар. Әркімнің жағдайы әртүрлі болғандықтан, жазуға керек жағдайды жасау әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ жазудың осы бөлігін жақсылап ұйымдастырсаңыз, жазу барысын әлдеқайда жеңілдетесіз. Екіншіден, жазуды ауыр бір машақат, жүк ретінде емес, өз жұмысыңызбен бөлісудің бір түрі ретінде қабылдаңыз. Басыңыздан өткен қызық бір оқиғаны таныстарыңызға айтып беру қызық болатыны сияқты, зерттеуіңізді де сондай әңгімелеу сияқты қабылдаңыз. Әңгімеңізді қызықтырақ ету үшін не істей аламын деп ойлаңыз. Сондай-ақ қайта-қайта жазуға керек болатынын, бірнеше рет өзгерістер енгізу керек болатынын, кейде тіпті бір бөлімді толығымен өшіріп тастап, қайта жазуға тура келуі мүмкін екеніне дайын болыңыз. Бұл міндетті түрде болатын нәрсе. Одан қашып құтыла алмайсыз. Тек өзіңізді соған алдын ала дайындап алыңыз.

## Зерттеу тілдесу ретінде

Жоғарыда атап өткенімдей жазуды өз сапарыңыздың қызықтарымен бөлісетін әңгіме ретінде қабылдағаныңыз жөн. Сіздің тапқан жаңалығыңыз қаншалықты керемет болғанымен, оны дұрыстап жаза алмасаңыз, оң баға ала алмайсыз. Тақырыбыңызды аша алу аса маңызды. Түптеп келгенде еңбегіңіздің бағасын беретін сіз емес, сіздің оқырманыңыз. Сондықтан оқырманыңыздың пікірінен асқан құнды нәрсе жоқ сізге. Сондықтан тек өз зерттеуіңізді зерттей бермей, оқырманыңызды да зерттеңіз. Оқырмандарыңыз қандай адамдар, ғылымнан хабары бар адамдар ма, әлде ғылыми әлемге аса байланысы жоқ қарапайым оқырман ба, студенттер ме, әлде професорлар ма т.с.с. Ең бастысы бет саны толса болды деп жазған еңбектің тиімділігі де төмен болатыны рас. Әр жазған еңбегіңізге өзіңіздің ішкі әлеміңізбен, ішкі тәжірибелеріңізбен байланыстырып, шын көңілмен жазған аса маңызды. Сол кезде сіз оқырмандарыңызды да, өзіңізді де шабыттандыра аласыз. Басқаша айтқанда ғылыми еңбектердің өзінде де эмоционалды қабық бар болуы керек. Өздеріңізді оқырманның орнына қойып, егер мен оқырман болсам, қандай сұрақ қояр едім деп ойланыңыз және сол сұрақтардың жауабын мейлінше ашып көрсетуге тырысыңыз. Олармен тілдесіп



отырғандай күй кешіңіз.

## Оқырманыңызды білу және олармен араласу

Оқырмандарыңызды зерттегенде мына нәрселерді ескергеніңіз абзал:

- Мен кім үшін жазып жатырмын? Жазу оқырмандарыңызбен тілдесу үрдісі болғаны жөн және бұл дегеніміз жазған кезде оларды естен шығармау дегенді білдіреді. Оқырмандарыңыз ғылыми бағыттағы мамандармен шектеулі бола ма, әлде еңбегіңізді қауымдастық көшбасшылары, қауымдастық мүшелері, менеджерлер, саясатшылар және тәжірибе етушілер сияқты өзге топтар оқуы ықтимал ма екенін ойланыңыз.
- Олар не біледі? Жазудың көп түріндегі сынақ оқырман қай жерде тұрған болса, сол жерден бастау, олардың төбесінен емес. Бұл дегеніміз оқырмандарыңыз тақырыбыңыз туралы не білуі мүмкін, сондай-ақ, зерттеу үдерісі туралы олар не біледі екенін ескеру. Сіз үдеріс барысында олардың осыған дейін білгенінен айырмай, оған тағы “күн қосуыңыз” қажет. Студенттің жазуындағы сынақ басқашалау. Бұл жағдайда оқырмандарыңыз тақырыбыңыз туралы сізбен бір деңгейде немесе тіпті сізден де жақсы білуі мүмкін және олар жұмысыңыздың бағасын беруге жауапты болуы да ықтимал. Бұл жердегі айла “сарапшы” болу емес, керісінше, жұмысыңызбен айналысуыңызбен, қисыныңызбен және тың ойларыңызбен оқырманыңызды тандандыратындай жолмен жазу тапсырмасын орындап шығу.
- Олар нені күтеді? Ғылым саласындағы мамандар, бағалаушылар және емтихан алушылар сіз оларды таңқаларлық біліміңізбен есінен талдырады деп күтпейді (десе де бұл да жақсы болар еді!), олар жұмысыңызбен байланысты әдебиетпен ойлы түрде шұғылданғаныңызды көрсете алады деп және қисынды берік ғылыми үрдісті көрсете алады деп күтеді. Олардың күтетін тағы бір нәрсесі – әбден жонылған жұмыс. Сіз сөздердің жазуында қателіктер жіберіп, қателесіп және сілтемелерді көрсетпей кетсеңіз, жұмысыңызбен басқаларды таң қалдыра алмайсыз.

## Дұрыс құрылым мен мәнерді табу

Ғылыми еңбектерді жазуда белгілі бір стандарттар бар. Мысалы кез келген зерттеуде кіріспе, әдебиетке шолу, әдістер, нәтижелер, жұмыстың талқылануы, қорытынды деген сияқты бөлімдер болады. Егер сіз диплом жазып жүрген болсаңыз, сіздің еңбегіңіз де осы құрылыммен құрылады. Бұл дәстүрлі формат, бірақ барлық еңбектер дәстүрлі форматпен жазыла бермейді. Кейде бұл форматты өзгертіп, өздеріне ыңғайлы болады деген басқа стильмен жазатын зерттеушілер де болады. Бірақ, мен сізге осы стандартты дәстүрлі форматтан ауытқымауға кеңес берер едім. Неге дейсіз бе? Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, егер сіз студент болсаңыз, онда дипломды, диссертацияны немесе курстық жұмысты дайындаудың бекітілген нақты бір форматы болады. Сіз сол форматтан ауытқи алмайсыз. Екіншіден, сізден жұмысты қабылдаушылар да әдетте осы формат бойынша жұмыс істеп үйренгендер және олар сіздің жаңашыл тәсіліңізді қабылдамауы да, түсінбеуі де мүмкін. Үшіншіден егер сіз мақала жазып, оны журналға дайындап жатқан болсаңыз, онда журнал да бұл форматтан ауытқығандарды қабылдамай қоюы мүмкін. Төртіншіден, бұл формат неше жылдар бойы, әбден тексерілген, логикалық қисынды, оқырманға түсінікті түрде қиыстырып жасалған.

Бірақ, дегенмен де, сіз осының бәрін біле тұра өзге форматты таңдауға бел буған болсаңыз, онда мына нәрселерді ескеруіңіз қажет. Жазған форматыңыз логикалық тұрғыда түсінікті, түсінуге жеңіл, оқырманға артық салмақ түсірмейтіндей болуы тиіс. Жұмысыңызды оқып шыққан соң, оқырманыңыз сонымен бұл не айтқысы келді деген сияқты әсермен аяқтамауы керек. Енді стандартты форматтардан бөлек балама форматтар болатынын айтып өттік.

## Балама форматтар

Ал, балама форматтар қалай құрылуы мүмкін:

- Хронология бойынша – Зерттеу жобаңыздың аясындағы оқиғалар уақыттың өтуімен қалай ашылғанын сипаттау
- Теория құрастыру негізінде – Теория индуктивті тұрғыда қалай шығарылғанын сипаттау және ол теорияның есеп барысында құрастырылуына мүмкіндік беру.
- Бірінші нәтижелер бойынша – Оқырмандарға бірінші қорытындыңызды келтіріп және содан соң сіз оған қалай келгеніңізді сипаттау.



## ЖАЗУ ПРОЦЕСІ

Дәстүрлі жағдайда зерттеу үш сатылы процестен тұрып келді:

- 1) зерттеу ұсынысын жазу және тапсыру;
- 2) зерттеуді жүргізу;
- 3) есепті жазып шығу.

Бұл да студенттерге арналған стандартты реттілік. Бірақ, шынайы өмірде бұл тәртіппен жүру аса қиын болуы мүмкін. Сондықтан зерттеушілердің басым бөлігі жүре бара жазу процесін қолданады.

### Жүре бара жазу

Жүре бара жазу дегеніміз сіз жаңа деректерді тапқан соң, оларды бірден жазып отыруыңыз керек. Немесе алдыңыздан шыққан әдебиеттерді бірден әдебиеттер тізіміне қосып отырасыз. Осылай әр бөлімге қатысты тапқаныңызды, жиганыңызды бір-бірінен бөлек жинап жүре бересіз. Былайша айтқанда бірнеше бөлімді пралаллельді түрде атқарасыз. Кейінірек бірашама салмақты еңбек жиналған соң, оларды жеке-жеке тарау етіп біріктіріп аласыз. Жазудың тағы бір артықшылығы сіз жазу барысында кейде ойыңызда қорытындылай алмай жүрген, немесе бір жүйеге келтіре алмай жүрген немесе көре алмай жүрген детальдарды көруге, өзіңіздің басыңыздағы деректерді бір жүйеге келтіруге көмек болатын құрал секілді. Ең соңында бәрін бір отырып жаза саламын деп ойламаңыз. Өйткені сіз жазған сайын машықтана түссесіз. Көкірегіңізде сайрап тұрғанымен, оны қағазға сауатты түрде орнату үшін біраз машық керек болады.

### “Әңгіменізді” құрастыру

Жазуға әңгіме ретінде қараңыз. Әңгіме әдетте қысқа, қызықты, еліктіретін, есте қалатындай болады. Әрине, қызық емес те әңгімелер болады. Бірақ сіздің мақсатыңыз қызықты әңгіме жазып шығу болсын. Қызықты әңгіме жазуда мына нәрселерді ескеру қажет:

1. Зерттеу есебіңізді “тілдесу” ретінде қабылдау
2. Өнермен таныс болыңыз
3. Даусыңызды табыңыз
4. Құрылымыңызды дамытыңыз
5. Әңгіме желісін құрастырыңыз
6. Сендіре алатын дәлелдер келтіруге дайындалыңыз
7. Бірінші драфтіңізді жазыңыз/құраңыз
8. Дұрыс сын-пікір алыңыз
9. Қайта драфтілеуге дайын болыңыз

Дәстүрлі немесе балама құрылымның қайсысымен жүрсеніз де, есебіңіз басы, ортасы және аяғы бар анық, бірізді және қызықтыратын оқиға желісімен оқырманыңызды алып жүруі тиіс. Ол оқырмандарыңызды еліктіруі, қызығушылығын оятуы және қорытындыға қисынды түрде әкелуі тиіс. Сіздің әңгіменіздің желісі оқырмандар сұрауы мүмкін сұрақтарға қисынды түрде жауап бере ала ма екенін бағалауға көмектесе алатын тексеру тізімі ретінде 16.1-кестені қолдану – жақсы ой. Бұл үрдісті бастау үшін жақсы кеңестерге шығармашыл жұмыс істейтін тақырып жазу; бір немесе бірнеше драфт негіздер құрастыру; және бір беттік абстракт (бұл тапсырманы көп зерттеушілер әсіресе қиын, бірақ аса ойды жинақтаушы деп есептейді) жазу жатады.

Сендіре алатын дәлелдер келтіруге дайындалыңыз – Мақсатты түрде жазуыңыз аса маңызды. Сіздің жазып шығатыныңыздың сапасы және сенім тудыру қабілеті көбіне сіздің қисынды және сендіре алатын дәлелдер құрай алу қабілетіңізге байланысты. Зерттеуіңіздің рационалдығы жайлы болсын, әдебиетке шолу болсын немесе әдістердің, нәтижелердің және қорытындының презентациясы болсын, зерттеу үрдісі жай қорытындылаудан және есеп беруге қарағанда әлдеқайда көбіректі талап етеді. Бұл автордың сендіре алу, ойлану және кейсті дәлелдеп шығу қабілетіне байланысты үрдіс – сондай-ақ, дәлелдеріңізді дұрыс деректермен және сілтемелермен сүйемелдеу қабілетіңізге де байланысты.

Бірінші драфтіңізді жазыңыз/құраңыз – Сіз ол туралы ойлауыңыз мүмкін, оны ойлап жүре беруіңіз мүмкін және одан кейін оны тағы да біраз уақыт ойлап жүре беруіңіз мүмкін, бірақ егер сіз оны жасамаңыз, ол өздігінен бола қоймайды. Егер сіз жазуыңызды зерттеу үдерісінің өнімі емес жазудың бір бөлігі ретінде құрастырсаңыз, бірінші драфтіңіздің сүйектері, кейінірек бірге құрауға және етін қаптай салуға дайын



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Жазудың машақаты

тұрады. Егер, бірақ та, сіз “артынан жазамын” деген тәсілмен жүрген болсаңыз, жазбаларыңызды жинап, оның бәрін қағазға түсіріңіз. Қандай тәсіл болғанына қарамастан, студенттер, әдетте, бірінші драфтін жазып шығуға кетіремін деген уақытынан көбірек уақыт керек екенін түсінеді.

Дұрыс сын-пікір алыңыз – Оқырманның күтетіні сан алуан болуы мүмкін, сондықтан тәсіліңіз дұрыс емес екенін соңғы минутке дейін күтпеңіз. Зерттеуде тәжірибесі бар немесе оқырманның күтетініне қатысты біраз тың ойлары бар біреуге драфтіңізді көрсетіп алыңыз.

Қайта драфтiлеуге дайын болыңыз – Бұл күтілетін нәрсе болуы керек. Шындығында, төменде қарастырылатындай, екінші немесе үшінші драфтті жіберуден қашып құтыла алмайды.